

№3 қосымша

«С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық
зерттеу университеті» КеАҚ
Басқарма төрағасы – Ректорының
2024 жылғы «30» сәуірдегі
№169-Н бұйрығына қосымша

**«С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті»
КеАҚ студенттік жатақханасында тұратындар үшін
еңбек қауіпсіздігі бойынша
НҰСҚАУЛЫҚ**

1. Жалпы қауіпсіздік талаптары

1.1. Бұл еңбекті қорғау жөніндегі нұсқаулық «С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университетінің» (бұдан әрі – жатақханада тұратындар) жатақханаларында тұратын білім алушылар мен қызметкерлерге арналған жалпы қауіпсіздік талаптарын белгілейді.

1.2. Студенттік жатақханаға орналасу алдында жатақханада тұратындар еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқамадан өтуі тиіс. Қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқамадан өтпеген тұлғалардың жатақханаға орналасуына жол берілмейді.

1.3. Қауіпсіздік техникасы талаптарын бұзған жағдайда, жатақханада тұратындар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілікке тартылады.

1.4. Жатақханада тұратындар мыналарды орындауы қажет:

- ішкі тәртіп ережелерін, ішкі үй-жайды жалға алу шартын, осы нұсқаулықтың, еңбекті қорғау, өрт қауіпсіздігі және электр қауіпсіздігі талаптарын сақтау;

- дәрі қобдишасының, алғашқы өрт сөндіру құралдарының, негізгі және қосалқы шығу есіктерінің орналасқан жерін білу;

- алғашқы өрт сөндіру құралдарын (өрт сөндіргіш, өрт шлангісі) қолдана білу;

- өз өмірі мен денсаулығына, сондай-ақ айналасындағылардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін жағдайларды туғызбау;

- тұрмыстық электр құрылғыларын дұрыс қолдана білу;

- жатақхана қызметкерлеріне кез келген жазатайым оқиға, ауру белгілері немесе жатақханада тұратындардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін жағдайлар туралы дереу хабарлау.

2. Жатақхананың ішкі үй-жайлары мен аумағындағы қауіпсіздік талаптары

2.1. Ғимарат аумағында болған кезде:

- шатырдан заттардың, мұздың немесе қардың құлауын болдырмау үшін ғимарат қабырғаларының бойында тұрмау және жүрмеу;

- ғимараттың шатырына, ағаштарға, қоршауларға және дуалдарға шықпау;

- кәріз және басқа да люктерге түспеу.

2.2. Жай жүру, аяғының астына қарау және дәліздің оң жақ бөлігін ұстану қажет.

2.3. Есік сыртқа қарай ашылатын жерлерде, терезе ойықтарының, витриналардың және әйнек элементтері бар стендтердің жанынан өткенде, орталық жылыту батареяларының жанында, әсіресе бөлме ылғалды тазартылғаннан кейін, абай болу қажет.

2.4. Жүру жолының енінің жартысынан көбін бөгемей, қозғалысқа кедергі келтірмеу керек.

2.5. Баспалдақ маршрутарымен жүргенде:

- орнатылған жерде тұтқадан ұстап жүру;
- бірнеше баспалдақты аттап өтпеу және секірмеу;
- тұтқаларға асып тұрмау;
- қолды қалтада ұстамау;
- заттарды екі қолмен көтеріп, жүру жолын көруге кедергі келтірмеу;
- артқа қарап жүрмеу;
- тұтқаларға отырып, сырғанауға болмайды;
- аяғыңның астына қарап жүру, жүгірмеу;
- телефонмен сөйлеспеу және басқа адамдармен әңгімелеспеу.

2.6. Сұйықтық төкпеу және еденге заттарды тастамау (қарындаштар, қаламдар, жеміс қабықтары және т.б.).

2.7. Сұйықтық төгілген еденге немесе баспалдақтарға, сондай-ақ жолға түсіп қалған заттарға баспау керек.

2.8. Қайшы, біз, пышақ секілді өткір құралдармен жұмыс істегенде абай болу (саусақ жарақаттарын болдырмау үшін).

2.9. Тамақ әзірлеу кезінде:

- сұйықтықтың кастрюльден тасып кетуіне, майдың табаға шашырауына жол бермеу;
- қақпақты ашқанда буды өзіңізден алыс жаққа бағыттау;
- ыдыстарды (кастрюль, шәйнек, таба және т.б.) плита үстінен алу үшін ұстағыштар мен құрғақ шүберек пайдалану.

2.10. Ас үйде бірнеше адам болған жағдайда:

- бір-біріне мұқият қарап, ыстық заттармен (кастрюль, таба, шәйнек, плита және т.б.) күйіп қалмау үшін абай болу;
- бір-біріне дайын тағам салынған ыдыстарды төгіп алмау үшін суетсіздік таныту.

2.11. Жатақханада тұратындарға тыйым салынады:

- алкогольді ішімдіктерді, есірткі, улы және уытты заттарды алып келу және тұтыну;
- алкоголь, есірткі немесе уытты заттардың әсерінде жатақханада және оның аумағында болу;
- қару-жарақ, кескіш және тескіш заттарды (асханалық және кеңселік заттардан басқа), жарылғыш және тез тұтанатын заттарды, өнеркәсіптік немесе қолдан жасалған жарылғыш құрылғыларды, оқ-дәрілерді алып келу, көрсету немесе қолдану;
- қалтада қауіпті заттарды (шеге, бұрағыш, түйреуіш, ине, лезвие, қайшы, пышақ және т.б.) алып жүру;
- терезе алдында немесе терезе тақтайына шығып отыру;
- ашық немесе жабық терезелердің алдына еңкею, терезе арқылы ғимараттан шығу (эвакуация жағдайларынан басқа);
- терезеден заттар мен тағамдарды лақтыру;
- кез келген температурадағы жылыту құбырлары мен батареяларға отыру;

- орындықта шайқалу, үстелге отыру, орындыққа, үстелге, тумбаға, терезе алдына, жабдыққа және т.б. шығу;
- үстелдерді немесе орындықтарды бірінің үстіне бірін 1,5 метрден жоғары жинау;
- төтенше жағдайлардан басқа уақытта сыртқы өрт сатысымен шығу;
- үй жануарлары мен қаңғыбас жануарларға жақындау немесе олармен байланысқа түсу;
- өзін немесе басқа адамдарды жарақаттауға әкелетін әрекеттер жасау;
- университеттің техникалық және шаруашылық бөлмелеріне кіру (электрқалқан, қойма, жертөле, шатыр, шатыр жабыны және т.б.);
- жатақханада тұратын адамның міндеттеріне кірмейтін жұмыстарды орындау.

3. Өрт қауіпсіздігі талаптары

3.1. Жатақханада тұратындарға тыйым салынады:

- темекі шегуге, пиротехникалық бұйымдарды (петарда, ракета, бенгал шамдары және т.б.), жарылғыш заттарды және құрылғыларды әкелуге, сақтауға және пайдалануға;
- тұрмыстық шамдарды, құрғақ спиртті, тез тұтанатын және жанғыш сұйықтықтарды (бензин, керосин, еріткіштер, бояулар және т.б.), май сіңген шүберектерді, қаптама ыдыстарды, макулатураны әкелуге, сақтауға және жағуға;
- керосин және дәнекерлеу шамдарын, газ баллондарын әкелуге, сақтауға және пайдалануға;
- от жағуға және университет пен жатақхана аумағында құрғақ шөпті өртеуге;
- алғашқы өрт сөндіру құралдарын мақсатсыз пайдалануға;
- алғашқы өрт сөндіру құралдарын, өрт қауіпсіздігі белгілерін, автоматты өрт сигнализациясын, қолмен іске қосылатын өрт хабарлағыштарын бүлдіруге;
- бөлмелерді қоқыспен, қалдықтармен ластауға;
- найзағай кезінде теледидар қосуға. Сыртқы антенналар ажыратылып, теледидар электр желісінен ажыратылуы керек;
- жеке автокөліктерді жолдарда, өткелдерде, жатақхана ғимараттары мен құрылыстарына кіреберісте қоюға;
- жатақхана ауласында ғимараттар мен құрылыстардан 25 метрден жақын жерде автокөлікті жанармаймен толтыруға.

3.2. Жатақханада тұратындар мынаны орындауы тиіс:

- жатақхана ғимаратының ішкі құрылымын, баспалдақ торларының, негізгі және қосалқы эвакуациялық шығу есіктерінің орналасуын, өрт сөндіру құралдарының (өрт сөндіргіш, ішкі өрт шлангілері және т.б.) орналасуын білу;
- электр сымдары мен электр құралдарын тек көмірқышқылды немесе ұнтақты өрт сөндіргішпен ғана сөндіруге болатынын есте сақтау;
- өрт туралы дабыл сигналдарына бағыну, ғимараттан дереу шығу.

3.3. Бөлмеде өрт шыққан кездегі әрекеттер:

- дереу өртке қарсы қызметке 101 (ұялы телефоннан – 112), жатақхана әкімшілігіне хабарлау;
- қолда бар алғашқы өрт сөндіру құралдарымен өртті сөндіруге кірісу (егер бұл мүмкін болса);
- егер өрт ошағын өз күшімен сөндіру мүмкін болмаса:
- тез киініп, жеке заттар мен құжаттарды жинау;
- терезелерді жабу;
- барлық электр құрылғыларды ажырату, жарықты сөндіру, бөлмені жабу;
- бөлмеден шығып, есікті құлыптамай жабу;
- эвакуация жоспарына сәйкес негізгі немесе қосалқы шығу есіктері арқылы ғимараттан шығып, жиналу орнына бару;
- әкімшілікке немесе жатақхана қызметкеріне келгеніңіз туралы хабарлау.

3.4. Бөлмеден тыс жерде өрт шыққан кездегі әрекеттер:

- дереу өртке қарсы қызметке 101 (ұялы телефоннан – 112), жатақхана әкімшілігіне хабарлау;
- өз бөлмеңіздегі терезе мен есікті жауып, ғимараттан шығу;
- егер ғимараттан эвакуация мүмкін болмаса (қатты өрт немесе дәліздер мен баспалдақтардың түтінге толуы), бөлмеде қалып, есікті мықтап тығыздау қажет. Әкімшілікке немесе кез келген қолжетімді әдіспен (терезе, ұялы телефон және т.б.) орналасқан жеріңіз туралы хабарлауға тырысыңыз;
- өрт сөндірушілер келген кезде терезеге жақындап, көмек көрсету үшін белгі беріңіз.

4. Электр қауіпсіздігі талаптары

4.1. Жатақханада тұратындарға тыйым салынады:

- ашық спиральді қыздырғыш құралдарды (плиталар, рефлекторлар, қайнатқыштар және т.б.) әкелуге, сақтауға және пайдалануға;
- розеткаларға бөгде заттарды немесе ашық сымдарды тығуға;
- істен шыққан электр құралдарын (розеткалар, ұзартқыштар, үшжақты қосқыштар) пайдалануға;
- электр сымдарын тұсқағаздармен, плакаттармен, пленкамен, скотчпен және т.б. жапсыруға;
- ашық электр сымдарын ақтауға немесе бояуға;
- жарықтандыру шамдарының плафондары мен қорғаныштарын алып тастауға, шамдарды қағаз, пластик немесе басқа жанғыш материалдармен орауға;
- әкімшілік рұқсатынсыз бөлмелерде жаңажылдық шыршалар мен жарық иллюминацияларын орнатуға;
- қосулы электр құралдарын қараусыз қалдыруға;
- жарық шамдарын, розеткаларды, қосқыштарды, сымдарды және т.б. монтаждауға немесе бөлшектеуге;

- қосқыштарды, розеткаларды, шамдарды, теледидарлар, магнитофондар, үстел шамдары және басқа да техникаларды жөндеуге немесе техникалық қызмет көрсетуге;
- электр сымдары бар қабырғаларға шеге қағуға, тесік бұрғылауға;
- электр сымдарын, құралдарын, қосқыштарды, розеткаларды, жарық шамдарын бүлдіруге;
- шамдарды, жарықтандыру құрылғыларын және сақтандырғыштарды алып тастауға, тазалауға немесе орнатуға;
- электр сымдарын орауға, қосқыштар мен розеткаларға заттарды іліп қоюға;
- электр сүзгісі жоқ ұзартқыштарды пайдалануға;
- электр сымдарына, жарық шамдарына және тұрмыстық электр құралдарынан басқа электр жабдықтарына қол тигізуге;
- электр құралдарын розеткадан ажыратқанда шнурды тартып шығаруға (розетканы корпусан ұстап ажырату қажет);
- электр құралдарын, қосулы кезде ылғал қолмен пайдалануға.

4.2. 220 В және одан жоғары кернеулі электр жабдықтарын пайдалану кезінде тыйым салынады:

- электр құралдарының штепсельдерін ылғал қолмен розеткаға қосуға;
- ақаулы электр жабдықтарын пайдалануға (сымдардың оқшаулауы бүлінген, штепсель сынған, күйік иісі бар, корпусы зақымдалған немесе ток соғу жағдайлары бар);
- желіні шамадан тыс жүктеуге (бір розеткаға бірнеше құралды қосуға);
- жылытқыш құралдардың және жерге қосылған жабдықтардың электр сымдарына қол тигізуге;
- бір мезетте электр құралдарына және жерге қосылған металл заттарға (жылу жүйесінің батареялары, су құбырлары, канализация жүйесі) қол тигізуге;
- жерге қосылған металл заттардан 2 метрден жақын жерде электр жабдықтарын пайдалануға;
- диэлектрик төсенішсіз, электр өткізетін еденде (металл, ылғалды бетон) электр құралдарын пайдалануға;
- электр құралдарына сұйықтық толтырылған ыдыстарды (гүл салынған вазалар, су құйылған стакандар және т.б.) қоюға;
- шаң тазалау кезінде ылғал қолмен немесе дымқыл шүберекпен электр құралдарына қол тигізуге;
- электр құралдарын құлату немесе оларға соққы жасауға;
- электр желісіне қосулы құралдарды орнынан жылжытуға;
- электр шнурларын созуға, бүктеуге, бұрауға;
- электр сымдары мен шнурлардың оқшаулауын зақымдауға;
- электр шнурларын еденге, өткелдерге, жерге орналастыруға;
- электр шнурларына немесе ұзартқыштарға заттар қоюға;

- электр шайнектер мен самауырларды, желіге қосылған күйінде сумен толтыруға;

- сертификатталмаған, ақаулы немесе істен шыққан электр құралдарын, үшжақты қосқыштар мен ұзартқыштарды пайдалануға.

4.3. Жатақхананың бөлмелерінде компьютер (ноутбук), тоңазытқышты өрт қауіпсіздігі ережелерін қатаң сақтай отырып пайдалануға рұқсат етіледі.

4.4. Бөлмеден шығарда тоңазытқыштан басқа барлық электр құралдарын және жарықты сөндіру қажет.

5. Санитарлық-гигиеналық қауіпсіздік талаптары

5.1. Жатақханада тұратындар міндетті:

- тұрғын бөлмелерде, асханада, демалыс бөлмесінде, санитарлық тораптарда, дәліздерде және басқа да орындарда тазалық пен тәртіпті сақтау;

- жатақхананың ішкі тәртіп ережелеріне сәйкес тұрғын бөлмелерді уақытылы тазалап тұру;

- жеке гигиена ережелерін сақтау, тамақтанар алдында, тазалау жұмыстарынан, түрлі жұмыстарды орындағаннан немесе дәретхананы пайдаланғаннан кейін қолды сабындап жуу;

- жазу үстелінде отырған кезде терезенің (табиғи жарықтың) сол жақта орналасуын қамтамасыз ету. Жарық жеткіліксіз болған жағдайда жалпы немесе жергілікті жарықтандыруды қосу.

5.2. Жатақханада тұратындарға тыйым салынады:

- жатақханаға өткір иісті, зиянды химиялық заттарды (улы химикаттар, қышқылдар, сілтілер, сынап және т.б.), сондай-ақ газ баллондарын немесе қорғаныс аэрозольдері («черемуха», «бұрыш» және т.б.) әкелуге;

- унитаздарға бөгде заттарды (шүберектер, киім-кешек, аяқ киім, бөтелкелер және т.б.) тастауға;

- улы химикаттармен жұмыс істеуге;

- желдеткіш саңылауларды тұсқағаздармен жапсыруға немесе жиһазбен жауып тастауға;

- бөлмені желдету кезінде қатты сквозняк жасауға;

- алкогольдік ішімдіктерді, есірткілік, психотроптық немесе улы заттарды қолдануға;

- дұрыс сақталмаған немесе жарамдылық мерзімі өткен азық-түліктерді жеуге;

- жұқпалы аурулармен ауырып, жатақханаға келуге, ал ауру белгілері пайда болған жағдайда уақытылы медициналық пунктке жүгінбеуге;

- жатақханаға үй жануарларын немесе қараусыз қалған жануарларды әкелуге.

6. Төтенше жағдайлардағы қауіпсіздік талаптары

6.1. Өмірге және денсаулыққа қауіп төндіретін кез келген жағдай (өрттің пайда болуы, жарақат алу, заттардың құлау қаупі (бұзылған жиһаз, жарық шамдары, ғимараттың шатырынан мұз немесе қардың түсуі және т.б.), құрылымдардың бұзылуы (есік және терезе жақтауларындағы сынған әйнектер, сылақтың қабыршақтануы, металл конструкциялардың коррозиясы және т.б.) туындаған кезде жатақханада тұратындар бұл туралы жатақхана меңгерушісіне немесе вахтерге хабарлауға міндетті.

6.2. Өрт болған жағдайда әрекеттер:

- жақын маңдағы адамдарға, жатақхана меңгерушісіне немесе вахтерге өрт туралы дереу хабарлау;
- бөлмедегі (дәліздегі) барлық оргтехниканы және басқа да құрылғыларды электр желісінен ажырату;
- жану (түтін) көзін анықтап, оны алғашқы өрт сөндіру құралдарымен сөндіру;
- егер бұл адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндірмесе, оқиға орнындағы жағдайды сақтау үшін шаралар қабылдау;
- егер өртті алғашқы минуттарда сөндіру әрекеттері нәтиже бермесе, жатақханада тұратындар эвакуация жоспарына сәйкес эвакуацияланады;
- ғимараттың ішінде дабыл жарияланады, өрт туралы өрт сөндіру қызметіне «101» немесе бірыңғай кезекшілік-диспетчерлік қызметке «112» хабарланады;
- эвакуация кезінде қауіпсіздік талаптарын сақтау қажет, жылдам қозғалса да, абыржымай әрекет ету керек (жүгірмеу, бір-бірін итермеу немесе басып озбау), дәліздің оң жақ бөлігін ұстану, топ ішінде қозғалса, бір-бірінің қолынан ұстап, ешкімнің қалып қоймауын қадағалау;
- егер дәлізде қатты түтін болса, тыныс алу жолдарын дымқыл матамен жабу;
- зардап шеккендерге қажет болған жағдайда алғашқы (медициналық емес) көмек көрсету;
- ғимараттан шыққаннан кейін ешқайда тарап кетпеу және киім, кітаптар немесе басқа заттар үшін ғимаратқа қайтып кірмеу.

6.3. Террористік акт жасау немесе оны жасау қаупі туындаған жағдайда, сондай-ақ басқа төтенше жағдайларда университетте қолданыстағы төтенше жағдайлар кезіндегі қауіпсіздік бойынша ұсыныстарға сәйкес әрекет ету қажет.
